**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы N 1888 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.25 № 1358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.14 № 1357 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.14 № 1357 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы N 1888 қаулысымен бекітілген

## Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.12.14 № 1357 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға мемлекеттік мекемелерді, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын пилоттық ұйымдарды және жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін қоспағанда, медициналық қызметтің тиісті түрлеріне лицензиясы бар медициналық ұйымдарда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (бұдан әрі - ТМККК) көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

Бюджет қаражаты есебінен салынған, пайдалануға берілгеннен кейін ТМККК-ні орналастыруға алғаш рет өтінім берген жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілеріне комиссия ТМККК-ні орналастыруды олар осы Ереженің 7 және 8-тармақтарының талаптарына сәйкес болған және оларға ТМККК орналастыру рәсіміне рұқсат етілген деп таныған жағдайда жүзеге асырады.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуетті өнім беруші - ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасасуға үміткер заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

2) Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - Әкімші) - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі немесе облыстардың, Астана мен Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармалары;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) комиссия — ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімдерін орындау және осы Ережеге сәйкес ТМККК кейіннен орналастыру үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құратын тұрақты

жұмыс істейтін алқалы орган;

5) өнім беруші - ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасалған үміткер заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

6) сатып алуды ұйымдастырушы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық департаменті (республикалық бюджет қаражатының есебінен) немесе ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру рәсімін орындайтын (жергілікті бюджет қаражатының есебінен) тиісті облыстардың, Астана мен Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармалары;

7) тапсырыс беруші - осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес республикалық бюджет қаражатының есебінен немесе жергілікті бюджет қаражатының есебінен ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық департаменті немесе тиісті облыстардың, Астана мен Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармалары;

8) ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу әлеуетті өнім берушілерді оларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне анықтауға, оларға ақылы негізде ТМККК көрсету шеңберінде медициналық қызметтерге тапсырыс беруді орналастыруға, олар көрсеткен нақты медициналық көмекке ақы төлеуге бағытталған өзара байланысты дәйекті іс-шаралар кешені;

9) ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу рәсімі - әлеуетті өнім берушіні анықтау және ТМККК кейіннен орналастыру мақсатында осы Ережеге сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, ұйымдастыру бөлімінде, тиісті комиссия, ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүргізу бөлімінде жүзеге асыратын өзара байланысты, дәйекті іс-шаралар кешені;

10) ТМККК көрсету шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған шарт (бұдан әрі - шарт) - осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім берушінің арасында ТМККК көрсету шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2. Әкімші бекіткен міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының негізінде тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде айқындалған тәртіппен және нысан бойынша мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіткен күнінен бастап бес күн ішінде оны Әкімшіге жібереді немесе ұсынады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Тапсырыс беруші тиісті жылға арналған мемлекеттік сатып алудың бекітілген не нақтыланған жылдық жоспары негізінде ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді қабылдайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Республикалық бюджет қаражатының есебінен ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық департаменттері жүзеге асырады.

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, жергілікті бюджет қаражаты есебінен ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Республикалық бюджет қаражатының есебінен медициналық көмектің мынадай: білікті, мамандандырылған, жоғары мамандандырылған түрлері бойынша ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу жүзеге асырылады, олар мынадай нысандарда көрсетіледі:

1) республикалық маңызы бар медицина ұйымдарының:

психикалық, жұқпалы аурулармен және туберкулезбен, алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға;

оңалту орталықтарында, санаторийлерде медициналық қызметтер көрсетуін қоса алғанда, стационарлық көмек пен стационарды алмастыратын көмек;

2) әуе көлігіндегі санитариялық авиация, қалпына келтіру үшін емдеу және медициналық оңалту;

3) республикалық маңызы бар медицина ұйымдарында мамандандырылған және жоғары мамандандырылған амбулаториялық-емханалық көмек.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді қоспағанда, облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, жергілікті бюджет қаражаты есебінен ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен

6. ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу:

1) ТМККК қол жетімділікті қамтамасыз ету;

2) пациенттің дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдауын іске асыру;

3) ТМККК үшін бөлінген ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау;

4) ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу үдерісінің жариялылығы мен айқындығы;

5) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

6) ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;

7) отандық өнім берушілерді қолдау қағидаттары сақтала отырып жүргізіледі;

8) ТМККК көрсету жөніндегі шарттарды жасасуда артықшылықты құқыққа денсаулық сақтаудың аккредиттелген ұйымдарына ерекше құқық беріледі.

## 2. Медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушісіне қойылатын талаптар

7. ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші мынадай жалпы және арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1) құқық қабілеттілігі болуы;

2) төлем қабілетінің болуы, үш айдан асатын мерзімде салық берешегінің, Қазақстан Республикасының міндетті зейнетақы жарнасы мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;

3) банкроттық рәсіміне не таратуға ұшырамауы;

4) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін материалдық және еңбек ресурстары болуы.

8. Осы Ереженің 7-тармағының талаптарына сәйкестік расталғанда қатысуға өтінімге мынадай құжаттар қоса ұсынылады:

1) нотариаттық расталған көшірмелері:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығын растайтын құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі (жеке тұлға үшін);

медициналық қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын әлеуетті жабдықтаушылардың лицензиялары және оларға қосымшалары;

2) көшірме:
ЖСН, БСН, жеке басының куәлігі немесе паспорттың (жеке тұлғалар үшін);
Жарғының нотариаттық куәландырылған көшірмесі (егер Жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмеген жағдайда, акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, құрылтайшылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесі);
аккредиттеу туралы куәлік (болған уақытта);
заңды тұлғаның бекітілген құрылымы;
3) егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті еместігі және тіркеу есебінде салық төлеушісі ретінде тіркелмегендігі (егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болмаса және салық есебінде тіркеуде тұрмаса ұсынылады) туралы Қазақстан Республикасының салық органының анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі беріледі;
өтінімдерді ұсынған күннің алдындағы бір айдан кешіктірмей берілген, төлем мерзімі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқтығы (бары) туралы анықтаманың түпнұсқасы, салық органы басшысының не орынбасарының қолымен және аталған салық органы мөрімен куәландырылады;
әлеуетті өнім берушіде оны ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді ұсынушы деп белгілеген күнінен бастап шарттың талаптарында көзделген төлемақыны алғанға дейін қызметтерді көрсету үшін кепілдік міндеттер мен материалдық ресурстардың бір айлық қоры (дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар, тамақ өнімдері) болуын растайтын құжаттар ;
медициналық ұйымның денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережеге сәйкестігі туралы кепілдік хат;
осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес кадрлардың біліктілігі туралы мәліметтер ( аккредиттеу туралы куәлік болған жағдайда берілген мәліметтер ұсынылмайды);
соңғы үш жылда көрсеткен ТМККК шеңберінде медициналық қызметтердің көлемдері мен түрлері немесе өзге кезеңде (егер ТМККК шеңберінде әлеуетті өнім берушінің медициналық көмек көрсету кезеңі кемінде үш жылды құраса), бейінді төсектердің саны (стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсететін ұйымдар үшін) диагностика мен емдеудің арнайы әдістерін және күрделі технологияларды талап ететін аурулар болған кезде медициналық қызметтер көрсетуге арналған жабдықтардың бар-жоғы көрсетілген әлеуетті өнім

берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

сатып алуға қатысуға және әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қою құқығы бар әлеуетті өнім берішінің бірінші басшысын қоспағанда комиссия отырыстарына қатысуға өтінімдер беруге, қол қоюға әлеуетті өнім берушінің мүддесін білдіретін тұлғаға сенімхат.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын әлеуетті өнім беруші оның осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін растауда Қазақстан Республикасының резиденті сияқты сол құжаттарды, немесе осы талаптарға сәйкестігі туралы ұқсас мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

9. ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу мынадай реттегі іс-шараларды орындауды көздейді:

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес сатып алуды ұйымдастырушы аптасына екі реттен сиретпей шығарылатын, мерзімді баспа басылымдарында жарияланатын және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тиісті аумақтарына және Әкімшінің интернет-ресурсында таратылатын хабарландыруларды беру арқылы қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы әлеуетті өнім берушілерге нысан бойынша хабарлауы;

2) сатып алуды ұйымдастырушының ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу жөніндегі комиссияның құрамын және комиссияның хатшысын белгілеу жасақтауы және бекітуі;

3) ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінімді қабылдауы;

4) медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушісіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтау үшін қатысуға өтінімдерді комиссияның қарауы;

5) комиссияның ТМККК орналастыруы;

6) шарттар жасасу;

7) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес аптасына екі реттен сиретпей шығарылатын, мерзімді баспа басылымдарында жарияланатын және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тиісті аумақтарына және Әкімшінің интернет-ресурсында таратылатын хабарландыруларды беру арқылы қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы әлеуетті өнім берушілерге нысан

бойынша хабарлауы.

Ескерту. 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы комиссия құрады және комиссияның хатшысын белгілейді.

Комиссияның құрамына комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Комиссияның жалпы саны тақ саннан тұруы және бес адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия мүшелерінің құрамына қоғамдық ұйымның және тиісінше облыстардың, Астана мен Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының өкілдері кіреді.

Комиссияның төрағасы болып сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарының деңгейінен төмен емес лауазымды тұлға белгіленуі тиіс.

Комиссия төрағасы:

1) комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық етеді;

2) комиссияның отырыстарына төрағалық етеді;

3) осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3 қатысқан жағдайда өткізіледі және комиссияның қатысқан мүшелері, оның төрағасы, орынбасары және комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Комиссияның төрағасы болмаған уақытта оның функциясын төрағаның орынбасары орындайды.

Комиссия қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

12. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі ол үшін дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы немесе ол болмаған кезде оны алмастыратын тұлға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда осы комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікірін білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде жазылуы және комиссия отырысының хаттамасына қосылуы тиіс.

13. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссияның хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Комиссияның хатшысы сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты

сатып алуды ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің лауазымды тұлғаларының арасынан белгіленеді.

14. Осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес ТМККК көрсету жөніндегі медициналық қызметтерді сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші осы Ережеде көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызмет көрсетуге әлеуетті өнім берушінің келісім білдіру нысаны болып табылатын өтінімді береді.

15. Қатысуға өтінім мөрмен бекітілуі немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы тиіс және әлеуетті өнім беруші медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастырушыға тігілген түрде, нөмірленген беттерімен береді және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер ондай бар болса) куәландырылады.

16. Комиссияның отырысы қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күні аяқталған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінімдерді қарайды және әлеуетті өнім берушілерге қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.

17. Қатысуға өтінімдерді комиссия отырысын өткізбей қарауға болмайды.

18. Комиссия:

1) әлеуетті өнім берушілердің сатып алуға қатысуға өтінімдерінің құрамындағы құжаттар пакетінің толықтығына және тиісінше ресімделуі мәніне қарайды;

2) осы Ереженің 7 және 8-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтайды және оларды ТМККК орналастыру рәсіміне жіберілді деп таниды.

Осы Ереженің 7 және 8-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалған әлеуетті өнім берушілер ТМККК орналастыру рәсіміне жіберілмеді деп танылады.

Қатысуға өтінімдерде бар мәліметтерді нақтылау мақсатында комиссия жазбаша түрде тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратады. Қатысуға өтінімді құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты комиссияның сұраныс жасауына және өзге де әрекеттеріне жол берілмейді;

3) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушісіне қойылатын талаптарға сәйкестігі және (немесе) сәйкес келмейтіні туралы хаттамаға қол қояды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Қатысуға өтінімдерді қарау кезінде комиссия хатшысы қатысуға өтінімдегі құжаттар мен материалдардың тізбесі туралы ақпаратты хабарлайды.

Қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті

өкілдері қатысуға өтінімді қарау кезінде қатысуға құқығы бар.

Комиссияның отырысына қатысқан тұлғалар комиссияның қызметіне араласуына құқығы жоқ.

20. Комиссия қатысуға өтінімдерді қарайды және әлеуетті өнім берушілерді ТМККК орналастыру рәсіміне жіберу және (немесе) жібермеу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Қатысуға өтінімді қарау жөніндегі комиссия отырысының нәтижесі бойынша төраға, ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары отырыс өткізілген күні комиссия отырысына қатысушы тұлғаларға ТМККК орналастыру рәсіміне жіберілгендер және (немесе) жіберілмегендер туралы хабарлайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Комиссия өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан бастап үш жұмыс күнінің ішінде ТМККК орналастыру қорытындысы туралы шешім қабылдайды, осы ережеге 6-қосымшаға сәйкес хаттамада түрінде рәсімделеді және қол қояды.

22-1. Мынадай:

ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінімдер болмаған;

ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілердің ешқайсысы осы Ереженің 7 және 8-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Комиссия осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес хаттама түрінде ресімделетін ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды болмады деп тану және оны қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды қайта жүзеге асырған кезде ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға бұрын өтінім берген және осы Ереженің 7 және 8-тармақтарының талаптарына сәйкес келеді деп танылған әлеуетті өнім берушілер сол сатып алуды ұйымдастырушыға тиісті құжаттарды қайтадан ұсынбауға құқылы.

Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22-2. Егер ТМККК толық көлемде орналастырылмаған болса, Комиссия осы

Ереженің 6-2-қосымшасына сәйкес хаттама түрінде ресімделетін ТМККК-нің қалған көлемін орналастыру үшін ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 22-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23. Егер өнім беруші жасалған шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан толығымен немесе ішінара жалтаратын болса, онымен шарттың сомасының және / немесе медициналық көмектің көлемнің азаюына немесе шартты тиісінше бұзуға жазбаша қосымша келісім жасасады.

Комиссия уәкілетті орган белгіленген тәртіппен ТМККК шеңберінде медициналық көмектің түрлері мен нысандары бойынша өңірлердің бөлігінде мемлекеттік сатып салудың бекітілген жылдық жоспарының шегінде ТМККК көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүзеге асырмай-ақ, басқа өнім берушілердің арасында медициналық көмектің босаған көлемдерін орналастырады.

## 4. Шарт жасасу

24. Осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес сатып алуды ұйымдастырушы ТМККК орналастыру комиссиясы қорытынды шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілерге қол қойылған сатып алу туралы шартты жібереді. Өнім берушілер тапсырыс берушімен қол қойылған сатып алу туралы шартты алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оған қол қояды.

Егер әлеуетті өнім беруші осы мерзім ішінде шартқа қол қоймаса, ол шартқа қол қоюдан жалтарған деп есептеледі және сатып алуды ұйымдастырушы одан сатып алынатын көлемдерді басқа өнім берушілер арасында бөлуге құқылы.

25. Шарттар бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімдерінде міндетті тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

26. Тапсырыс беруші тізбесі ТМККК-ні төсек қорының мүмкіндігіне және ( немесе) бекітілген халық санына және (немесе) консультациялық-диагностикалық қызметтердің қажеттілігіне және өтінім берілген медициналық қызметтердің көлеміне сәйкес олардың арасында орналастыратын Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша анықталған өнім берушілермен шарттар жасасады.

Өнім берушілермен шарттар тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес комиссия орналастырған көлемге және Әкімші бөлген қаражат шегінде жасалады.

Шарт жасасқан өнім берушілер Тапсырыс берушіге Әкімші бекіткен

тәртіппен және мерзімде шығыстардың құрылымын ұсынады.
Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

27. Шарт жасалған өнім берушілердің тізімі олар көрсететін медициналық қызметтердің тізбелері көрсетіле отырып, аптасына үш реттен сиретпей шығарылатын және тиісті облыстың аумағында таратылатын мерзімдік баспа басылымдарында, сондай-ақ Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жарияланады.

Өнім беруші аптасына екі реттен жиі емес шығарылатын және астананың, республикалық маңызы бар қалалардың аумағында, тиісті облыстардың аумақтарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурста таралатын көрсетілетін қызметтердің түрлерін, нысандарын, емдеуде инновациялық технологияларды қолдану, кадр әлеуеті (санаттар бере отырып, маман сертификаттарының болуы туралы, ғылыми дәрежелерінің, атақтарының болуы туралы) көрсете отырып, оларда орналастырылған ТМККК туралы ақпаратты жариялайды.

## 5. Қорытынды ережелер

28. Көрсетілген қызметке ақы төлеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ТМККК шеңберінде медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауды есепке ала отырып, жүзеге асырылады.

Сапаға бақылау жүргізуге байланысты шарттың қолданылу ішінде ақы төлеуге ұсынылмаған, сондай-ақ шарт қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін шарт қолданылған жылдың 1 желтоқсанынан бастап шот-тізілімге енбеген шартқа сәйкес ТМКК шеңберінде медициналық көмек көрсету жағдайына ақы төлеу шарттың қолданылу жылынан кейінгі жылы жүргізіледі.
Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29. Шартты орындау үдерісінде туындайтын барлық келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемін көрсету
бойынша медициналық қызметтерді
сатып алуды ұйымдастыру мен
жүргізу ережесіне
1-қосымша

**Кадрлар біліктілігі туралы мәлімет**
**(аккредиттеу туралы куәлік бар болған жағдайда бұл мәліметтер ұсынылмайды)**
**_______________________________________________________________________**
**(медициналық ұйымның атауы)**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

| Р/с № | Т.А.Ә. | Атқаратын лауазымы | Білімі (диплом №, оқу орнының атауы және бітіру жылы) | Мамандығы бойынша еңбек өтілі | Біліктілік санатын алумен (санатсыз) маман сертификаты | Соңғы 5 жылда біліктілігін арттырғаны туралы құжат | Ғылыми дәрежесі, атағы туралы құжат (бар болса) | Бірінші немесе жоғарғы біліктілік санаты туралы сертификат (бар болса) | Жұмысқа алу туралы бұйрық (№, күні) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Басшы _______________
(қолы, Т.А.Ә.)
М.О.
Кадр бөлімінің бастығы (кадр маманы) _______________
(қолы, Т.А.Ә.)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесіне
2-қосымша
нысан

_______________________________________________________________
(сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, пошта және электрондық мекенжайы)
__________ жылға республикалық бюджет есебінен қаржыланатын сатып алу туралы хабарлайды (бұдан әрі - қызмет):
медициналық көмектің түрі (-лері) бойынша: ____________________________
медициналық көмектің нысаны (-дары) бойынша: __________________________
Қызметтер көрсетілуі тиіс: ______________________________________.
(қызмет көрсету орны көрсетіледі)

Сатып алуға қатысу үшін өтінімдерді әлеуетті өнім беруші

______________________________________________________________________

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)
мекен-жайы: ______________ кабинет № ____, сатып алуға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау және тіркеу үшін жауапты ______________________.
(лауазымы, Т.А.Ә.)

Сатып алуға қатысу үшін өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі «____» ____________________ сағат ______________.

Сатып алуға қатысу үшін өтінімдер сағат___________________ «____» ____________________ жылы, мына мекен-жайда: ___________________________ кабинет № ___ қаралатын болады.

Сатып алуға «____» ____________ 20__ жыл №___ Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бойынша қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесінде көрсетілген медициналық қызметтерді әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптарға сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім беруші қабылданады.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мынадай телефон арқылы алуға болады: ______________________________________________.

(қаланың коды және телефон нөмірін көрсету)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесіне
3-қосымша
нысан

______________________________________________________________________

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы)
__________ жылға республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша медициналық қызметтерді көрсетуге мынадай медициналық ұйымдармен шарт жасасады:

______________________________________________________________________

(медициналық ұйымдардың тізімін көрсету)

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мынадай телефон арқылы алуға болады: ______________________________________________.

(қаланың коды және телефон нөмірін көрсету)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді

сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесіне
4-қосымша

## Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінім

Сатып алуды ұйымдастырушыға

______________________________________________________
(әлеуетті өнім берушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Сатып алуға қатысуға ниет білдірген заңды тұлға (бұдан әрі - әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

1) әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекен-жайы мен байланыс телефондары;

2) әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (ЖСН, БЖН, ЖСК), сондай-ақ әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы және мекен-жайы;

3) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының Т.А.Ә.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Мынадай медициналық көмектің көлеміне өтінім беремін _______ медициналық көмектің түрі (-лері) бойынша: _________________________, медициналық көмектің нысаны (-дары) бойынша: ________________________.

3. ____________________________ (әлеуетті өнім берушінің толық атауы көрсетіледі) осы өтініммен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және осы Ережелермен көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызмет көрсетуге келісімін береді.

4. Әлеуетті өнім беруші осы өтініммен Ережеде көзделген әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптардың бұзушылықтары жоқ екенін растайды.

5. Әлеуетті өнім беруші ұсынылған мәліметтердің нақтылығын растайды.

6. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде медициналық қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан сәтке дейін сатып алуға қатысуға осы өтінім ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге келісім болып табылады.

Қосымша:

_____________________________________________
(парақтардың санын көрсетумен құжаттың атауы)

_______________________________________/_____________

(заңды тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының немесе оның орынбасарының лауазымы, Т.А.Ә. және оның қолы)

Толтырылған күні_________________________

М.О.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесіне
5-қосымша

## Медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушісіне қойылатын талаптарға сәйкестігі (сәйкес келмейтіні) туралы хаттама

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

_________________________ «__»____________ 20__ жыл

(Орналасқан жері)

1. Мынадай құрамдағы комиссия:

__________________________________________________________________

(төрағаның, оның орынбасарының, комиссия мүшелерінің Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға мынадай әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарады:

| Әлеуетті өнім берушінің атауы | Заңды мекенжайы | Өкілдің Т.А.Ә., жеке куәлігінің №, кім берген, берілген күні |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

Өтінімді қарау кезінде әлеуетті өнім берушінің өкілі:

__________________________________________________________________

(қатысты/ қатысқан жоқ)

2. Қатысуға арналған өтінім қаралды және құрамында мынадай құжаттар бар:

_______________________________________________________________

(парақтар санын көрсетумен өтінімдер бар құжаттарды көрсету)

3. Қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Комиссия ашық дауыс беру жолымен мынадай ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

__________________________________________________________________

(медицина ұйымның атауын көрсету)

қойылатын талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді) және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін орналастыру рәсіміне жіберілді (жіберілген жоқ).

Бұл шешім үшін дауыс берді:
ИӘ - __________ дауыс;
ЖОҚ- __________ дауыс.

Төраағаның, оның орынбасарының, мүшелерінің және комиссия хатшысының Т.А.Ә., қолдары.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемін көрсету
бойынша медициналық қызметтерді
сатып алуды ұйымдастыру мен
жүргізу ережесіне
6-қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін орналастыру қорытындылары туралы хаттама (түзетулер)**

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

________________________ «__»___________ 20__ жыл
(Орналасқан жері)

1. Мынадай құрамдағы комиссия:
__________________________________________________________________
(төраағаның, оның орынбасарының, комиссия мүшелерінің Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)
медициналық көмектің ұсынылған көлемін, нысандарын және түрлерін қарады.

2. Бөлінген сома __________________ (______________) теңге.

3. Талаптарға сәйкестігін анықтау нәтижелері бойынша және медицина ұйымдарының өткізу қабілетін және (немесе) бекітілген халық санын және (немесе) консультациялық-диагностикалық қызметтердің қажеттілігін есепке ала отырып, ашық дауыс беру жолымен Комиссия мынадай **ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:**

1) тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі төмендегі ұйымдарға орналастырылсын:

| Р/с | Өнім берушінің атауы | Медициналық көмектің нысаны | Медициналық көмектің түрі | Бюджеттік бағдарламаның атауы | Көлемі | Қаржыландыру сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

2) тапсырыс беруші ___________________________________________
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері)
«__» ______ ______ жыл жылға дейінгі мерзімде осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген өнім берушілермен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсету туралы шартқа отырсын;

3) сатып алуды ұйымдастырушы ______________________________
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері)
«__» ______ ______ жылға дейінгі мерзімде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін орналастыру қорытындылары туралы аптасына кемінде екі рет және астана, республикалық маңызы бар, қала аумағында, тиісті облыста шығатын мерзімдік басылымда және ______________________________ Әкімшінің интернет ресурсына жариялау ( Әкімшінің веб-сайтын көрсету) үшін жарнама мәтінін жолдасын.

Бұл шешім үшін дауыс берді:
ИӘ - _________ дауыс;
ЖОҚ - _________ дауыс.

Төрағаның, оның орынбасарының, мүшелерінің және комиссия хатшысының Т.А.Ә., қолдары.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесіне
6-1-қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізілген жоқ деп тану туралы және оны қайтадан жүргізу туралы хаттама**

Ескерту. 6-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

________________________ 20___ жылғы «___»_______
(Орналасқан жері)

Мынадай құрамдағы комиссия:
______________________________________________________________________
(төрағаның, оның орынбасарының, комиссия мүшелерінің Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)
______________________________________________________________________

(тиісті себебін көрсету: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінімінің болмауы, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілердің ешқайсысының медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушісіне қойылған талаптарға сәйкес келмеуі) байланысты ашық дауыс беру жолымен мынадай ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1) 20___ жылғы «___»____________ бөлінген ____________________________ _______ (___________________) теңге сомасына (соманы санмен және жазбаша көрсету) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізілген жоқ деп танылсын және 20__жылғы «___» _________ мерзімге дейін ол қайта өткізілсін;

2) сатып алуды ұйымдастырушы ________________________________ (сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету) ______ жылғы «____» _________ дейінгі мерзімде 20___ жылғы «___» _________ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізілген жоқ деп тану туралы және аптасына кемінде екі рет шығарылатын және астананың, республикалық маңызы бар қаланың, тиісті облыстың аумағына таралатын мерзімді баспа басылымында және Әкімшінің ____________________________ (Әкімшінің веб-сайтын көрсету) интернет-ресурсында жариялау үшін оны қайта жүргізу туралы хабарландырудың мәтінін жолдасын.

Бұл шешім үшін дауыс берді:
ИӘ - _____ дауыс;
ЖОҚ -_____ дауыс.

Комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшының Т.А.Ә., қолдары.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемін көрсету
бойынша медициналық қызметтерді
сатып алуды ұйымдастыру мен
жүргізу ережесіне
6-2-қосымша

**Тегін медициналық көмектің қалған кепілдік берілген көлемін орналастыру үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін**

**көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүргізу туралы хаттама**

Ескерту. 6-2-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

________________________ 20___ жылғы «___»_______

(Орналасқан жері)

Мынадай құрамдағы комиссия: ______________________________________________________________________

(төрағаның, оның орынбасарының, комиссия мүшелерінің Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)

20___ жылғы «___» _________ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде ТМККК-нің толық көлемде орналастырылмауына байланысты ашық дауыс беру жолымен мынадай ШЕШІМ ШЫҒАРАДЫ:

1)________________________ (__________________) теңге сомасындағы (соманы санмен және жазбаша көрсету) тегін медициналық көмектің қалған кепілдік берілген көлемін орналастыру үшін 20__ жылғы «___»________дейінгі мерзімде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша медициналық қызметтерді сатып алу жүргізілсін;

2) сатып алуды ұйымдастырушы ___________________________________

(сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

______ жылғы «____» _________дейінгі мерзімде тегін медициналық көмектің қалған кепілдік берілген көлемін орналастыру үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізу туралы және аптасына кемінде екі рет шығарылатын және астананың, республикалық маңызы бар қаланың, тиісті облыстың аумағына таралатын кезеңдік баспа басылымында және Әкімшінің ______________________________ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(Әкімшінің веб-сайтын көрсету)

интернет-ресурсында жариялау үшін оны қайтадан өткізу туралы хабарландырудың мәтінін жолдасын.

Бұл шешім үшін дауыс берді:

ИӘ - _____ дауыс;

ЖОҚ -_____ дауыс.

Комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшының Т.А.Ә., қолдары.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесіне
7-қосымша

## Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шарт

«_______________________ «__»___________ 20__ ж.
(Орналасқан жері)

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын _____________________ __________________________________________________________атынан
(Тапсырыс берушінің толық атауы) ___________________________________________негізінде әрекет ететін
________________________________________________________________
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын_____________ __________________________________________________________атынан
(меншік нысанына қарамастан, әлеуетті өнім берушінің толық атауы) ___________________________________________ негізінде әрекет ететін
(Жарғы, Ереже және т.б.)
________________________________________________________________
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес төмендегілер туралы осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Шарттың нысанасы

1.1. Осы Шарттың 1-қосымшасына сәйкес медициналық көмектің түрлері мен нысандары бойынша Тапсырыс беруші тапсырма береді, ал Өнім беруші тегін

медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтер (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттеме қабылдайды.

1.2. Шарттың сомасы __________ жылға __________ теңгені құрайды.

1.3. Осы Шарттың 2.1., 2.5. және 4.2.-тармақтарына сәйкес шарт сомасы түзетілуге жатады.

Ескерту. 1.3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 2. Есеп айырысу тәртібі

2.1. Тапсырыс беруші Өнім берушіге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен тариф бойынша ақы төлейді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен нозологиялардың тізбесі бойынша және көрсетілген медициналық көмектің құны бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен тарифтен бірнеше есе асқан жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіге нақты көрсетілген медициналық көмек үшін ақы төлеуді бюджеттік бағдарламалар әкімшісі айқындайтын тәртіппен бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 2.1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2.2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2.3. Ақы төлеу ай сайын, орындалған жұмыстар актісіне сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ МФҚБК) аумақтық бөлімшелері жүргізген сапаны және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтерге ақы төлеу комитетінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ МҚАТК) аумақтық бөлімшелері жүргізген көрсетілген медициналық көмектің көлемін бақылау нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

Ескерту. 2.3-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2.4. Осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес Өнім беруші ұсынылған өтінімі негізінде, осы Шарттың 3 және/немесе 4-қосымшаға (-ларына) сәйкес, жыл бөлінісінде (ай сайын) тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде медициналық көмекті көрсетудің

жоспарланатын көлемдері мен мерзімдерін көрсетіп, Шарттың жалпы сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде аванс беруге рұқсат етіледі.

Тараптардың жазбаша келісімі бойынша бұрын төленген аванс мерзімінен бұрын ұсталуы мүмкін. Ұсталатын авансттың сомасы орындалған жұмыстар актісінде көрсетіледі.

Ескерту. 2.4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2.5. Ақы төлеу осы Шарттың 2.1-тармағын және медициналық көмектің сапасы мен көлеміне бақылау жүргізген жағдайда оның нәтижелерін ескере отырып, түзетуге (азайтуға/ұлғайтуға) жатады.

Ескерту. 2.5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2.6. Сапаны бақылауды жүргізуге байланысты Осы Шарттың қолданысы кезінде ақы төлеуге ұсынылмаған, сондай-ақ Осы Шарт қолданылатын жылдың 1 желтоқсанынан бастап шот-тіркелімге енгізілмеген осы Шартқа сәйкес осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу күніне дейін ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсету жағдайына ақы төлеу осы Шарттың қолданылу жылынан кейінгі жылы жүргізіледі.

## 3. Тараптардың міндеттері

3.1. Өнім беруші:

Қазақстан Республикасы азаматтарына және оралмандарға ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге;

Осы Шарттың 3 және (немесе) 4-қосымшасында (қосымшаларында) көрсетілген жыл бөлінісінде (ай бойынша) ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді көрсету көлеміне және мерзіміне сәйкес қызмет көрсетуге;

ТМККК көрсету шарттары, көлемі және тізбесі туралы ақпаратты азаматтарға ұсынуға;

Тапсырыс берушіге уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және мерзімде шот-реестрларды ұсынуға;

Тапсырыс берушіге осы Шарттық орындалуын тексеру жүргізу үшін қажетті барлық медициналық және қаржылық құжаттарды ұсынуға;

іс жүзінде көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлеміне бақылау жүргізу үшін ҚР ДСМ МФҚБК АД және ҚР ДСМ МҚАТК АД қажетті құжаттаманы ұсынуға;

қызметі тоқтатыла тұрған кезде, таратылған кезде, бірігу, қосылу, бөлу немесе қайта құрылу, атауын, сондай-ақ қызмет түрінің және/немесе қызметтің

кіші түрінің атауын өзгерту, төсек-орын қорын өзгерту, соның ішінде оны қысқарту және/немесе қайта бейімдеу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде өзгерген кезден бастап үш күн ішінде Тапсырыс берушіге көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, ақпарат беруге;

Тапсырыс берушіге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен тәртіппен және мерзімде шығыстардың құрылымын ұсынады;

сұраныс бойынша осы Шарттың шеңберінде жасалған үшінші жақтың барлық шарттарының көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуға;

қаражатты, оның ішінде аванс беру қаражатын мәлімделген бағыттар мен мерзімдерге сәйкес қатаң түрде жұмсауды жүзеге асыруға;

лизинг шарттарымен олардың мақсатына сәйкес медициналық техниканы алуға бағытталған қаражатты жұмсауды жүзеге асыруға;

медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арналған қаражатты олардың мақсатына сәйкес жұмсауды жүзеге асыруға;

денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және мерзімде жекешелендірілген мәлімет базаларын құрастыруды қамтамасыз етуге;

бағдарламалық кешеннің жаңа нұсқаларын уақытында орнатуға (24 сағат ішінде) және енгізуді қамтамасыз етуге;

бағдарламалық кешенге төсек-орын қорын қысқарту және/немесе қайта бейімдеу бойынша барлық өзгертулерді енгізуге;

орындауға мүмкін еместігіне байланысты барлық жағдайлар мен олардың себептері туралы, соның ішінде Шарт сомасын түзетуді қажет ететін жағдайлар туралы жазбаша түрде Тапсырыс берушіге шұғыл түрде хабарлауға міндетті.

деректерді Емдеуге жатқызу бюросы порталына дұрыс және уақтылы енгізуге міндетті.

Ескерту. 3.1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3.2. Тапсырыс беруші:

көрсетілген медициналық көмек үшін Әлеуетті жабдықтаушы шығындарын өтеуді уақтылы жүргізуге;

Өнім берушіні осы Шарттың шеңберінде оның жұмысын регламенттейтін қажетті нормативтік құжаттармен қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасында ТМККК көрсету мәселелері жөнінде халықты ақпараттандыруға бағытталған қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізуге міндетті.

## 4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Өнім беруші:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халыққа ТМККК көрсету бойынша жіберілген бұзушылық (медициналық қызметтер көлемі мен сапасының тиісінше көрсетілмеуі, ТМККК жататын қызметтер үшін Қазақстан Республикасы азаматтарынан және оралмандардан ақы алу, медициналық көмектің тиісті емес көлемін және сапасын көрсету) үшін;

заңнамада белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіден алынған қаражаттың мақсатты және уақтылы пайдаланбағаны үшін;

осы Шарттың 3.1. тармағын бұзғаны үшін;

жекешелендірілген мәлімет базаларына статистикалық картаның мәліметтерін сапасыз енгізгені үшін жауапты болады.

4.2. Емдеу жағдайының негізсіз қымбаттауына (көрсетілмеген/көрсетілген медициналық қызметтер және дәрі-дәрмектерді ұсынбау) және/немесе емдеу жағдайлары санының құқықсыз ұлғаюына (медициналық көмек көрсетілмеген/көрсетілген) әкелген медициналық құжаттаманың мәліметтерін бұрмалау фактісін Тапсырыс беруші анықтаған жағдайда, негізсіз ақшалай баюдың әрбір анықталған фактісі үшін төленуге ұсынылған төлем көлеміндегі сома ұсталынып қалады және/немесе алынады.

4.2-1. Осы Шартқа 3 және (немесе) 4-қосымшада (қосымшаларда) көрсетілген жыл бөлінісінде (ай бойынша) ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді көрсету көлеміне және мерзіміне сәйкес қызмет көрсету бөлігінде осы Шарттың бұзылуы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін түзету коэффициентінің* денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Ескертпе: *түзету коэффициенті - стационар деңгейінің коэффициенті, экологиялық коэффициент, өңірлік коэффициент, ауылдық аумақ және тағы да басқа коэффициенттер.

Ескерту. Үлгі шарт 4.2.1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4.3. Өнім беруші міндеттерін толықтай, бөліп үшінші жаққа тапсыру оны Шарт бойынша жауапкершіліктен босатпайды.

4.4. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс жүзінде көрсеткен медициналық көмек көлемдері үшін шығындарын өтеуге Әлеуетті жабдықтаушы ақша қаражатын уақтылы аударуға жауапты болады.

4.5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4.6. Өнім беруші тарапынан Шарт талаптарының бұзылуы:
Тапсырыс берушінің көрсетілген қызмет сомасын мөлшерлес азайтуға;
Тапсырыс берушінің Шартты бұзуына және орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер бойынша соманы қайтаруға;
Тапсырыс берушінің Шартты жоюына немесе Шарт сомасының ______ мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге әкелуі мүмкін.
Ескерту. 4.6-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 5. Шартты өзгерту немесе бұзу

5.1. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар Шартты тоқтатудың болжанатын күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын бірін-бірі хабардар етуге міндетті.
5.2. Шарт талаптарының бұзылғаны үшін Тапсырыс беруші міндеттемелерді орындамағаны туралы өнім берушіге жазбаша ескерту хат жолдай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен бұза алады.

## 6. Форс-мажор

6.1. Форс-мажор жағдайларына Өнім беруші тарапынан бақылауға бой бермейтін, оның қателігіне немесе ұқыпсыздығына қатысы жоқ және тосын сипатқа ие оқиғалар жатады. Мұндай оқиғаларға табиғи және/немесе техногенді сипаттағы апаттық жағдайлар немесе апаттық жағдайларды болдырмау бойынша әрекеттер кіреді, бірақ осындай құбылыстармен шектелмейді.
6.2. Форс-мажорлық жағдайларға:
1) Өнім берушінің қасақана және абайсыз әрекеттері туғызған жағдайлар;
2) осы Шарт бойынша өз міндеттерін адал атқаратын Өнім беруші алдын ала болжай алатын және шеше алатын жағдайлар;
3) осы Шарттың міндеттерін орындамағанына және/немесе тиісінше емес орындамағанына байланысты Өнім берушіде ақша қаражатының болмауы немесе Тапсырыс берушінің төлемақыны жүзеге асырмауы жатпайды.
6.3. Форс-мажорлық жағдайлар туындағанн кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуі тиіс.
Форс-мажордың дәлелі ретінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органының форс-мажордың туындағанын растайтын ресми құжаттары болады.
6.4. Уақытында хабарламау немесе мүлде хабарламау Өнім берушіні міндеттерді орындау бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде

жоғарыда аталған жағдайларға сүйену құқығынан айырады.

6.5. Форс-мажор аяқталғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде, Өнім беруші Тапсырыс берушіге форс-мажордың аяқталғаны туралы жазбаша хабарлайды және осы Шарт бойынша өз міндеттерін жүзеге асыруды қайтадан бастайды.

## 7. Қорытынды ережелер

7.1. Өнім беруші екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

7.1-1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушінің қызметіне араласпай, көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын, оның ішінде Өнім берушіде пациенттің ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерге қанағаттануын бағалауға сауалнама жүргізу нысанында, оның ішінде қызметтер көрсетілетін жерге барып және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен тексеру жүргізуге құқылы.

Ескерту. 7.1-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7.2. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды, бір данасы Тапсырыс берушіде, екіншісі Өнім берушіде болады.

Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Тараптар бір-бірімен алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

7.2.1. Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын әрбір хабарлама Шартқа сәйкес хат , кейін түпнұсқасы ұсынылатын, телеграмма, телекс немесе факс түрінде жолданады.

7.3. Осы Шарт бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімінде міндетті тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы _______________ дейін қолданылады.

Ескерту. 7.1-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.10.03 № 1131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімінде тіркелу күні:

---

Осы Медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шарт Тапсырыс беруші ТМККК көрсетуге медициналық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын ТМККК

шеңберінде құқықтық қатынастарды реттейді. Тапсырыс беруші осы Шартты қолданып, ТМККК орналастыру қорытындыларының негізінде ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған өзінің шарт жобасын әзірлеуі тиіс. Сонымен қатар осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Өнім беруші қызметтерін сатып алуға қатысу өтініміне және ТМККК орналастырудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шартқа
1-қосымша

## Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсету көлемдері, түрлері мен нысандары

| Р/с № | Медициналық көмектің түрі және нысаны | Медициналық көмек көрсету жағдайларының жоспарланған мөлшері | Қаржыландыру сомасы | Бюджеттік қаржыландыру бағдарламасының атауы және нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

МҚАК АД басшысы, аты-жөні, қолы, мөр

Лауазымы, заңды тұлға - жеткізушінің бірінші басшысының немесе оның орынбасарының аты-жөні және қолы, мөр

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шартқа
2-қосымша

## Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге Шарт бойынша аванс беруге арналған өтінім 20__ жылғы «___» ____________ № ___

Тапсырыс берушіге ____________________________________________
____________________________________________________________
(жеткізушінің толық атауы көрсетіледі)

1.________________________________ (Заңды тұлғаның толық атауы

көрсетіледі) осы өтінімде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге Шарттың жалпы сомасынан ________ пайыз мөлшерінде 20__ жылғы «___» ____________ № ________________ теңгеде (аванс сомасын көрсету) аванс төлеуді сұрайды.

2. Өнім беруші осы өтінімде орындалған жұмыстар актісі бойынша төлеуге жататын сомалардан ______ бастап _________ айын қоса алғанда, ай сайын тең үлестермен төленген авансты ұстап қалуына келісімін білдіреді және осы өтінімде көрсетілген жоспарланған аванс сомаларын бөлуге сәйкес аванстың жұмсалғанын растайды.

| Р/с № | Шығыстар атауы | Сома |
|---|---|---|
| 1. | Медициналық қызметкерлердің еңбекақысы | |
| 2. | Тамақ өнімдерін сатып алу | |
| 3. | Дәрілік заттарды сатып алу | |
| 4. | Коммуналдық шығыстар | |
| 5. | Басқа шығыстар | |

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы өтінім 20__ жылғы «___» __________ № _____ Тегін медициналық көмектің кепілденген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған шарттың әрекет ету мерзімінің өтуіне дейін әрекет етеді.

__________________________________________ /___________________/

(Лауазымы, заңды тұлға - жеткізушінің бірінші басшысының немесе оның орынбасарының аты-жөні және қолы)

Толтырылған күні ________________

М.О.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шартқа
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## ТМККК шеңберінде жыл бөлінісінде (ай бойынша) стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету көлемі және мерзімдері

Бюджеттік бағдарлама: _______________________________________________

(бюджеттік бағдарламаның нөмірі мен атауы)

Өнім берушінің атауы: ___________________________________
(Медициналық ұйым атауы)
_______ жылғы "____" ___________ № _________ шарт

Медициналық көмек көрсету жағдайларының жоспарлы саны *(бұдан әрі - жағдайлар)* ________________

Шарттың _______ жылға сомасы __________ теңгені құрайды, оның ішінде:
Стационарлық көмек: ___________, __________ теңге, оның ішінде:
жоғары мамандандырылған медициналық көмек: жағдайлар ________, _________ теңге.
Стационарды алмастыратын медициналық көмек: жағдайлар _________, _______ ___ теңге.

**Шарт бойынша міндеттемелерді ай бойынша бөлу:**

| Р/с № | Атауы | ____ жыл | Қаңтар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр | Маусым | Шілде | Тамыз | Қыркүйек | Қазан | Қараша | Ж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Медициналық көмек көрсету жағдайларының жоспарлы саны | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Сома (теңге), | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), негізгі | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), қосымша | | | | | | | | | | | | | |
| | Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспар | | | | | | | | | | | | | |

**Стационарлық көмек бойынша міндеттемелерді ай бойынша бөлу:**

| Р/с № | Атауы | ___ жыл | Қаңтар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр | Маусым | Шілде | Тамыз | Қыркүйек | Қазан | Қараша | Ж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Медициналық көмек көрсету жағдайларының жоспарлы саны | | | | | | | | | | | | | |
| | Сома (теңге), | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), негізгі | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Аванс (теңге), қосымша | | | | | | | | | | | | | |
| | Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспар | | | | | | | | | | | | | |

**Жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша (стационарлық көмектен) міндеттемелерді ай бойынша бөлу:**

| Р/с № | Атауы | ___ жыл | Қаңтар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр | Маусым | Шілде | Тамыз | Қыркүйек | Қазан | Қараша | Ж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Медициналық көмек көрсету жағдайларының жоспарлы саны | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Сома (теңге), | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), негізгі | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), қосымша | | | | | | | | | | | | | |
| | Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспар | | | | | | | | | | | | | |

**Стационарды алмастыратын көмек бойынша міндеттемелерді ай бойынша бөлу:**

| Р/с № | Атауы | ___ жыл | Қаңтар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр | Маусым | Шілде | Тамыз | Қыркүйек | Қазан | Қараша | Ж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Медициналық көмек көрсету жағдайларының жоспарлы саны | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Сома (теңге), | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), негізгі | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), қосымша | | | | | | | | | | | | | |
| | Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспар | | | | | | | | | | | | | |

*Тапсырыс беруші "ҚР ДСМ МҚАК __________ қаласы/облысы ________ бойынша*

*Орындаушы Медициналық ұйымның басшысы ______/______*

*департаменті" ММ директоры ____/__________ (қолы) (Т.А.Ә.)*
*(қолы) (Т.А.Ә.)*

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шартқа
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1703 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## ТМКК шеңберінде жыл бөлінісінде (ай бойынша) диагностикалық қызмет көрсету көлемі және мерзімдері

Бюджеттік бағдарлама: ______________________________________________
(бюджеттік бағдарламаның нөмірі мен атауы)
Өнім берушінің атауы: ________________________________________
(Медициналық ұйымның атауы)
____ жылғы "___"_______ № __________ шарт
Диагностикалық қызмет көрсету көлемі (саны) ________________
____________ жылға Шарттың сомасы __________ теңге.

**Шарт бойынша міндеттемелерді ай бойынша бөлу:**

| Р/с № | Атауы | ___ _ жыл | Қантар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр | Маусым | Шілде | Тамыз | Қыркүйек | Қазан | Қараша | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Диагностикалық қызмет көрсету көлемі (саны) | | | | | | | | | | | | | |
| | Сома (теңге), | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), негізгі | | | | | | | | | | | | | |
| | Аванс (теңге), қосымша | | | | | | | | | | | | | |
| | Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспар | | | | | | | | | | | | | |

*Тапсырыс беруші "ҚР ДСМ МҚАК __________ қаласы/облысы __________ бойынша департаменті" ММ директоры _____/_______ (қолы) (Т.А.Ә.)*

*Орындаушы Медициналық ұйымның басшысы _____/_______ (қолы) (Т.А.Ә.)*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК